

23. Жилищные условия в городах Центрального Казахстана в 1945-1953 гг. // Вест. КазНУ. Сер.истор. – 2007. – № 3 (46). – 215 с. – С. 160-166.
24. «История городской повседневности» в российской историографии // «Наука и образование – 2007: Сб. материалов междунар. науч. конф. молодых ученых. – Астана, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2007. – Ч.4 а. – 199 с. – С. 4 – 8.
25. Сулейменов Т.А. Структуры повседневности кочевой цивилизации // Вестник ун-та «Кайнар» – 2007 – № 3/2. Стр.47-52.
26. Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К. «История повседневности» в современной российской историографии // Вестник КарГУ. Сер.история, философия, право. – 2007. №1 – стр.228-235.
27. Пушкарева Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. С. 12.
28. Оболенская С.В. «История повседневности» в современной историографии ФРГ // Одиссей: Человек в истории. М., 1990. С. 184.

## ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЖАЛПЫ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

*Бижанова Гүлзада Хамитбекқызы*

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты  
Арқалық қ., Қазақстан Республикасы

Белгілі бір зерттеу мақсатында барлық ғылым саласында пайдаланылатын әдістерді жалпы ғылыми әдістер деп атайды. Олардың тарихи зерттеуде көмегі әрқилы, кейбір тарихшылар өз зерттеулерінің эмпирикалық және теориялық деңгейлерінде нақты бір нәтиже алу үшін кеңінен пайдаланады. Ал, енді кейбіреулері тек өте кең арналы танымдық мақсаттарды шешу үшін пайдаланады. Сонымен, жалпы ғылыми әдістер екі топқа бөлінеді екен. Бірінші топқа бақылау және эксперимент, баяндау және өлшеу, анализ және синтез, индукция және дедукция кіреді. Екінші топқа жататындары тарихи және логикалық, нақтылы және абстракция, модельдеу және интуиция әдістері

Тарих ғылымында синхрония (логикалық әдіс) пайдаланылады. Яғни, зерттеу объектісі немесе тарихи оқиға белгілі-бір кеңістікте өтеді. Оқиғаның функциялары мен құрылымы жүйе құрайды.

Осы оқиға белгілі-бір уақыт шеңберінде өтеді. Мұны ғылымда дихрония (тарихи әдіс) деп атайды. Осы әдістер кейде өз алдына пайдаланылады, кейбір жағдайда екеуінің бірі ғана зерттеуші қажеттілігін өтейді. Қорыта айтқанда, кез-келген тарихи оқиға белгілі-бір кеңістікте және белгілі-бір уақытта өтеді. Логикалық әдісті пайдаланған зерттеуші оқиғаға жүйе тұрғысынан қарап, оған құрылымды-функциялық талдау жасайды. Зерттеуші тарихилық принципін ұстана отырып, оқиғаны уақыт шеңберінде қарастырады. Яғни, алдымен оқиғаға құрылымдық және функциялық одан кейін тарихи талдаулар жасалады. Екі әдіс қатар пайдаланылады. Екеуін бірінен-бірін айырсақ зерттеу жұмысы өз нәтижесін бермейді [1, 15].

Нақтылықтан абстракцияға керісінше абстракциядан нақтылыққа бару әдісі тарихи зерттеулерде негізгі болып есептеледі. Нақтылы дегеніміз – толық танылатын болған оқиға. Абстракция дегеніміз – оқиға жөнінде толық мағлұмат жоқ, зерттеушінің ол жөнінде маңызды бірен-саран ақпараты бар. Соларды пайдаланып зерттеуші өзінің болжамын жасайды. Бұл әдістерді пайдаланудың әртүрлі жолдары бар. Бірінші тәсіл – ойға шому (отвлечение). Мұның бірнеше нұсқасы бар. Алғашқысы аналитикалық, яғни, объектінің бір ғана белгісіне тоқталу. Екіншісі – объектіге болмаған белгілерді балау немесе тану. Үшіншісі – объектіні асыра мадақтау (идеализация), бір оқиғаға баға беруде объектінің кейбір белгілерін шектен шыға бағалау [2, 23].

Оқиғаның тарихи маңызына баға беру үшін абстрактіліктен нақтылыққа бару әдістерін де пайдалану қажет. Нақтылы теориялық білім белгілі – бір деңгейде ғылыми

түсінік, зандылық, теорияға айналады. Бұл әдісті ойлап тапқан Карл Маркс. Ол бұл әдісті өзінің "Капитал" атты атақты еңбегін жазған кезде пайдаланды.

Тарихи оқиғаға жүйелік тұрғыдан қарау және жүйелік талдау. Жүйе дегеніміз – тарихи оқиға элементінің жиынтығы. Әрбір жүйенің құрылысы, құрылымы және функциясы бар. Жүйені жүйе бөлшектеріне және элементтеріне бөлеміз. Қоғамдық жүйе өте күрделі Тарихшы оның функционалдық заңдарын анықтауы қажет. Нақтылы танымдық нәтиже беретін әдістер нақтылы-танымдық құрал ретінде пайдаланылатын әдістер болып табылады. Индукция – дедукция нақтылықтан жалпыламалыққа бару. Яғни, тарихи процестен жеке бір құбылысты зерттей отыра, жалпылама құбылыстарға бару, ал дедукция керісінше болып келеді. Ағылшынның Ф.Бэкон деген ғалымы индукцияны негізгі әдіс деп атайды. Себебі, дедукциялық тұжырым көбіне қателікке ұрындырады. ХІХ ғасырдың тарихшылары көбінесе индукциялық әдістерді пайдаланған [2, 27].

Кейбір ғалымдар осы күнге дейін дедукциялық әдіске күмәнмен қарайды. Эмпирикалық базасы жоқ теория зерттеу барысында үлкен зиян әкеледі. Қоғамдық процестің мәнін терең түсіну үшін эмпирикалық материалдар негізінде теория қалыптасуы керек. Индукция мен дедукция қатар жүруі қажет. Бұл екеуі бірін-бірі толықтырады. Анализ – синтез тарихи зерттеулерде жиі пайдаланатын әдістер. Анализ дегеніміз – бүтін объектіні бірнеше бөліктерге бөліп қарастыру. Әлбетте, тарихшы бүтін бір процесті бірден зерттей алмайды. Сондықтан ол оның қисынын келістіріп, мағынасына, мазмұнына қарай бірнеше бөліктерге бөліп тастайды. Сөйтіп, зерттеген әрбір проблеманы біріктіріп, қисынды түрде үлкен тақырыпты ашады [3, 5].

Тарихи зерттеулерде синтез әдісін пайдалану А.Берр атты ғалымның атымен байланысты. ХХ ғасырдың басында ол "Тарихи синтез" журналын шығарып, тарихшыларды, әлеуметтанушыларды және де басқа қоғамтану, жаратылыстану ғылымдарының өкілдерінен тұратын Халықаралық синтез орталығын құрған. Оның негізгі идеясы тарих және әлеуметтану ғалымдарының басын қосып, мәдени-тарихи синтез бағытын құру болды. "Адамзат эволюциясы. Ұжымдық синтез" атты серия бойынша Европада жүздеген кітаптар шыға бастады. Зерттеудің негізгі тақырыбы адамзаттың әлеуметтік жағдайы және оның ақыл-ойы. Қарап отырсаңыздар, олар көбінесе психологиялық құбылыстарға көңіл аударған. А.Беррди біз "Анналар мектебінің" негізін қалаған ғалым деп есептейміз [3, 11].

Бұл тақырыптағы зерттеушілер екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де өз жалғасын тапты. Проблеманы шешу жолында әрбір философиялық бағыттар өз ұстанымдарын ұсынды. Соңғы кездері синтез идеясын постмодернистік ұғымдағы мәдениет негізінде жасау қажет деген пікір қалыптасты. Қорыта айтқанда, анализ және синтез әдістері бір-бірімен тығыз байланысты. Зерттеушінің анализ барысында жеткен жетістіктері синтез болмаса баянсыз. Тақырыптың көлемі үлкен болған сайын синтез де күрделене береді. Тарихи зерттеулерде модель жасау ғылымда жиі кездесетін әдіс. Тарихшылар да кейде осы әдістің көмегіне зәру болады. [5, 18]. Белгілі – бір тарихи оқиға туралы тарихшы өз ойынша қисынды түрде конструкция жасайды. Қолда бар деректерді, басқа да тарихқа жақын ғылымдардың нәтижелерін пайдалана отырып, зерттеуші оқиғаның моделін жасайды. Модель зерттеудің кез-келген деңгейінде жасалады. Мәселен, алғашқы қауымдық құрылыстың тарихын зерттеу барысында сол кезден отбасы моделін көз алдыңызға елестету қажет. Мұндайда әлеуметтану, психология, куқық және басқа да ғылымдардың берерін пайдалану қажет [3, 22].

Тарих ғылымында математикалық модельдеу ұғымы бар. Бұған нелинейная динамика, математикалық хаос, катастрофа теориясы әдістері де кіреді. Ал, енді статистикалық модель жасау теориясы математикалық әдістер бөлімінде қарастырылады. Интуиция кейбір ғылыми проблемаларды шешуде бұл әдіс те пайдаланылады. ХІХ ғасырдың аяғында өмір сүрген неміс ғалымы В.Дильтей тарихты "Рух туралы" ғылымдар қатарына қосқан болатын. Ал енді бұл ғылымдарды зерттеудегі негізгі әдіс -

интуиция. Бірақ, тарихи зерттеулерге мұндай көзқарасты көптеген ғалымдар қостамады. Тарих ғылымы тек осы әдісті пайдаланар болса, онда ол тек тарихшының субъективті пікірі бойынша жасалар еді. Әр тарихшының білім, білік, кәсіби деңгейі әртүрлі. Сондықтан да оның интуиция тереңдігі әртүрлі. Бұл әдісті ғылыми зерттеулерде сирек пайдалануға тырысқан дұрыс. Әлбетте, тарихшы талантты, терең білімді асқан көреген болса, оның интуициясы объективтікке жақын болады [4, 25].

Қорыта айтқанда, тарихи зерттеулер барысында жалпы ғылыми әдістерді пайдаланудың пайдасы өте зор. Тақырыпқа байланысты бұл әдістерді тиімді пайдаланғанда ғана зерттеу жұмысы өз мақсатына жетуі мүмкін. Бұл негізгі әдіснамалық принцип.

Тарихи зерттеулерде ғана пайдаланатын әдістердің қатары да өте көп, солардың ғылыми негіздегі бірнеше түрлеріне тоқталсақ, тарихи - генетикалық және ретроспективтік әдістер тарихи зерттеулерде көптен пайдаланатын әдіс. Мұны пайдалана отырып, тарихшы қоғамдық процесс пайда болғанынан бастап оның жойылған кезге дейін зерттейді. Объектінің бүкіл мазмұны, қасиеті, функциялары өз кезегінде қарастырылып, оның эволюциясы, дамуы көрсетіледі. И.Ковальченко мұны формасы жағынан баяндау, мазмұны жағынан аналитикалық, индуктивтік деп атайды. Бұл әдіс қоғамдық процестің себеп-салдарлық себептерін, оның пайда болуын анықтайды. Тарихи оқиғаның ерекшеліктері мен нақтылық жағын ашуға көп көңіл аударылды. Яғни, генетикалық әдіс процесті пайда болуынан бастап ыдырағанша зерттейді [4, 28].

Ал, енді ретроспективті әдіс керісінше, оқиғаны бүгінгі күннен бастап пайда болу уақыты, бағыты бойынша зерттейді Яғни, алдымен тарихи үрдістің салдары негізінде оның себебі анықталады. Сол процестің бізге дейін сақталған элементтері бойынша оған реконструкция жасау мүмкіндігін пайдаланамыз. Өткенге көз жүгірте отыра біз сол процестің пайда болу кезеңдерін, оның өрбу жолдарын, дами отыра қандай нәтижеге жеткендігін анықтаймыз. Генетикалық әдісті пайдаланған кезде анықталған кейбір кездесок оқиғалар ретроспективті әдістер бойынша олар кейін болатын оқиғалардың алғышарттары болып шығады. Бұл әдісті пайдаланғанда тарихи процесс жөнінде толық мағлұмат алып, оны жақсы түсіне аламыз. Оқиғаның күні бұрын нәтижесін білгеннен кейін оның даму нәтижесін, немен біткендігін түсінеміз. Мысалы, Қазақстандағы XII - XVIII ғасырдағы саяси ахуалды біле отыра, оның нәтижесінде Қазақ хандығының өз тәуелсіздігін ерте ме, кеш пе жоғалтатындығын түсінеміз. Қазақ - жоңғар, қазақ-орыс соғыстарының халқымыз үшін қандай нәтижелерімен аяқталғанын біле отыра, Қазақ хандығының өз тәуелсіздігінен айырылу себептерін анықтаймыз. Кейбір жекелеген факті (Әбілхайырдың келісім шарты) мен оқиғалар бір-бірімен жасалған заңды процестер қазақ елінің орыс отарына айналуына әкеліп соқты.

Бір уақытта болған әр түрлі оқиғаларды зерттеу әдісі синхронды деп аталады. Қоғамда болып жатқан құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты. Міне, бұл байланысты біз тек осы әдісті пайдалана отырып, ашуға мүмкіндік аламыз. Мысалы, түркі тілдес мемлекеттерде өз елінің тарихы жөнінде том – том кітаптар жарық көрді. Ал бір уақытта әр елде болған тарихи процестер жөнінде әлі де бір де бір еңбек жоқ.

Тарихи оқиғаларды хронологиялық ретін сақтай отыра қарастыруды хронологиялық әдіс деп атаймыз. Бұл әдістің ерекшелігі-болған маңызды фактілерді түгел тізіп шығу қажеттілігі. Кейбір тарихшылар көңіліне ұнамайтын, жалпы схемаға сәйкес келмейтін фактілерді ескермейтіні бар. Бұл тарихқа үлкен қиянат. Егер зерттеп отырған тақырыбы ауқымды, масштабты болса онда оны бірнеше проблемаға бөліп қарастыру қажет. Мұндайда зерттеушінің пайдаланған әдісі проблемалы-хронологиялық деп аталады. Әрбір проблема шеңберіндегі тарихи оқиғалар хронологиялық ретте зерттелуі қажет [4, 35].

Дихронды немесе кезеңдеу әдісі уақыт шеңберінде өткен оқиғалар жиынтығы Кейбір белгілеріне қарай топталады. Мұны ғылымда кезеңдеу әдісі деп атайды. Әрбір кезеңнің бастауы және соңы бар, олар мөлшерімен өлшенеді әрбір кезеңнің өзіне тән белгілері және бағыты болады. Оқиғалар мен уақыттың мөлшеріне, көлеміне қарай

әрбір кезең өз кезегінде одан әрі жіктелуі мүмкін. Мысалы, орта ғасырдағы Қазақстан үлкен бір кезең, ол VI ғасырдан бастау алып XVI ғасырға дейін созылады. Ал оның бұл кезең үшке бөлінеді. біріншісі – түрік - қыпшақ, екіншісі – қыпшақ-монғол, үшіншісі – ноғай-қазақ деп аталады.

Тарихи - салыстыру әдісі, бір уақытта жер шарының әр түрлі аймақтарында болған әр түрлі үрдістерді салыстыра отыра баяндау тарихи-салыстыру деп аталады. Мұндай әдісті XVIII ғасырда Европа ағартушылары пайдаланған. Француз ғалымы Ф.Вольтер алғаш рет еңбектерін жазғанда осы әдісті пайдаланды. Яғни, тарихи құбылыстардың айшықты белгілеріне қарай қатар қойып зерттеуді салыстыру әдісі деп атаймыз. Мысалы, көшпелі мал шаруашылығымен тек қана қазақ халқы айналысқан жоқ. Көшпелі халықтардың қатарына монғолдар, якуттар, солтүстіктен бұғы өсіруші халықтар, туркмендер қырғыздар, алыстағы арабтар, тіпті цыган халқы да жатады. Бірақ әр халықтың көшпелі шаруашылығы басқа халықтарға қарағанда өзінің бір ерекшеліктерімен айшықталады. Чукча халқының чум деп аталатын баспанасымен қазақтың киіз үйін салыстыруға болмайды. Тіпті, монғолдың баспанасы қазақтың киіз үйіне ұқсамайды. Шаруашылығы да сол сияқты. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығы араб бәдәуилерінің шаруашылығынан сыртқы белгілеріне қарай ұқсас болғанымен, ішкі мәні мүлдем бөлек.

Тарихи - салыстыру әдісінің логикалық негізі ұқсас белгілердің мәнін анықтау. Мұны ғылымда аналогия дейді. Аналогия – бұл жалпы ғылыми әдіс. Бұл әдіс бойынша құбылыстың бір бөлігінің ұқсастығына қарай қалған белгілеріне де ұқсас екендігі жөнінде қорытынды жасайды. Орыс тарихынан мысал келтірейік, Декабристердің көзқарасын зерттеген ғалым олардың Европа ағартушылардың көзқарастарына ұқсас екендігін анықтайды. Себебі, Батыс Европа ағартушыларының көзқарасы ерте буржуазиялық көзқарас деген қорытынды жасалған. Сондықтан да декабристердің көзқарасы да ерте буржуазиялық болады [5, 11].

Қорыта айтқанда, тарихи салыстырмалы әдістің таным мүмкіндігі өте кең. Біріншіден, кейбір зерттеу объектісі жөнінде белгілі бір мағлұмат болмаған жағдайда осы әдісті пайдаланып, процестің түйінінің шешуге болады. Екіншіден, осы әдісті пайдаланып тарихшы өзі зерттеп отырған объектінің шеңберінен шығып, аналогия тәсілі арқылы кең масштабты тарихи қорытынды жасай алады. Бұл әдіс басқа да әдістердің басын қосып шындыққа көз жеткізуге қадам жасау мүмкіндігін береді. Ескерте кететін бір жай, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланғанда көптеген әдіснамалық талаптарды орындау қажет. Біріншіден, бір оқиғаны екінші бір оқиғамен салыстырғанда оның нақтылы фактілерге назар аударған жөн. Өйткені кейбір фактілердің формасы ұқсас болғанымен, ішкі мазмұны басқаша болады. Мысалы, Сырым Датұлы мен Исатай Өтемісұлының қозғалыстары сыртқы белгілері жағынан ұқсас. Ал, осы белгілерін ішкі мәніне тоқталатын болсақ, олардың арасында айрықша айырмашылық бар екенін көреміз. Сырым Еділ өзенінен өтіп, қазақ жеріне басып кірген орыс отаршыларына қарсы күресті, Исатай Еділ мен Жайық арасын басып алып, Жәңгір ханның „қуыршақ" өкіметі арқылы қазақ жерін тонаған орыс отаршыларына қарсы күресті. Сондықтан бұл екі қозғалыс та бірдей екен деп қорытынды жасауға болмайды. Бір типті, әр типті дамудың әр түрлі деңгейдегі объектілер мен құбылыстарды салыстыру мүмкіндігі бар. Бірақ бір жағдайда салыстыру әдісі арқылы олардың ұқсастығын анықтаймыз. Әлбетте, бұл әдісті пайдаланғанда тарихилық принципін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әртүрлі тарихи кезеңдерде болған құбылыстардың ұқсастығы кейде зерттеушіні қателікке ұрындырады [6, 15].

Тарихи - салыстыру жағдайын басқа да әдістермен қатар жүргізу қажет. Сонда ғана зерттеу жұмысы өз мақсатына жете алады. Тарихи процестер мен құбылыстардың барлығы бірдей тек осы әдісті пайдалана отырып, шешуге болады деген де үлкен қателік. Бұл әдістің өзінің диапазоны бар. Әсіресе, егер біз қоғамдық тарихи даму процесін үлкен кеңістікте және кең хронологиялық шеңберде зерттейтін болсақ, бұл әдістің пай-

дасы мол болып келеді. Қорыта айтқанда, тарихи – салыстырмалы әдіс әрбір тарихшының зерттеу арсеналының төрінен орын алу қажет. Тағы бір ескерте кететін жайт, бұл әдіс басқа да зерттеу тәсілдермен, амалдарымен, әдеттерімен қатар пайдаланғанда ғана тарихшы өз мақсатына жетеді.

Тарихи зерттеулерде кейде тарихи-типологиялық әдіс те пайдаланылады. Өздеріңізге белгілі кез келген елдің тарихы бірнеше кезеңдерге, дәуірлерге, белестерге бөлінеді Міне, осы белгілеріне қарай ұзын-сонар адамзат тарихы жіктеледі. Әрбір кезеңнің талдау, оның ерекшеліктерін анықтау ғылымда топтау немесе типтеу деп аталады. Тип деген терминін мен кейде қалып деген терминмен салыстырамын. Өйткені, бір қалыпқа салынып отырған етіктер бір-біріне ұқсас. Тарихи процессті типтеу дегеніміз тарихи тағымның нақтылы түрі. Типтеу деген терминмен қатар ғылымда классификация деген де термин бар. Типтеу сол классификацияның бір түрі. Бірақ типтеу классификацияға қарағанда тарихи процестің мәніне тереңірек үңілсек, тарихтан мысал келтіруге болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруалардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егін екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да қазақ шаруашылығын өзін ғана топқа немесе классификацияға бөлеміз. Бірақ малшылардың да, егіншілердің де шаруашылығы біркелкі емес. Бір топтын ішінде шаруалар байлық жағынан әр түрлі. Олардың ішінде ірілер, орташалары, қоңсылары, жалданбалылары тағы да сол сияқты әр түрлі топтары бар. Бұларды талдап, жіктеп әр түрлі топқа жатқызу үшін типологиялық әдісті пайдалану керек /6;32/. Яғни, әрбір топтың өзіне тән белгілері болады. Тарихи - жүйелік әдіс соңғы кездері тарихшылардың пайдаланып жүрген әдісі. Бұл әдісте жаратылыстану ғылымынан келген әдіс. Жүйелік әдісінің объективті негізі болып қоғамдық өмірдің ішкі байланысы, тарихи процестің ерекше және жалпы белгілерінің бірлігі. Адамзат тарихында болып өткен құбылыстар бір жүйеге бағынады. Қоғамда болып өткен құбылыстар жеке адамның немесе бір топ адамның мақсатты әрекеті. Әр елде, әр жерде, жер шарының әр өңірінде болатын тарихи оқиғалар бір - біріне ұқсас. Бірақ олардың айырмашылықтары да бар. Мысалы, XIX ғасырдың орта шенінде қазақ жерінде орыс отаршыларына ұйымдасқан қарсылық дәл осы дәуірде Үндістан жерінде ағылшын отаршылдарына қарсы болған үнді халқының қозғалысына өте ұқсас. Бірақ әлбетте, оның ерекшеліктері де бар. Жалпы алғанда бұл сол кездегі отаршылдыққа қарсы күрес жүйесінің бір ғана үзгі. Яғни, адамзат тарихы осындай ірілі-уақты үзіктердің жүйесі. Тарихи құбылысты жүйелі зерттеу барысында тарихшы әр түрлі тәсілдерді, амалдарды, әдістерді пайдаланады. Сөйтіп, жүйе жасайтын белгілерін анықтайды. Осы бірімен-бірі байланысып жатқан арқылы белгілерін анықтайды. Неғұрлым белгілері көп болса, соғұрлым зерттеу көп болады. Тарих ғылымындағы барлық проблемаларды шешу үшін жоғарыда көрсетілген әдістерді пайдалану аздық етеді. Сондықтан да экономикалық саяси, әлеуметтік, мәдени процестерінің кейбір тақырыптарын талдағанда тарихшы нақтылық – проблемалық тәсілдерді пайдалануға мәжбүр болады [7, 10].

Тарихи зерттеулерде Клиометрия әдісі де пайдаланылып келеді. Соңғы жылдары қоғамның саяси-әлеуметтік мәселелерін зерттеген кезде сандық анализ әдісін пайдаланып жүр. Бұл әдісті алғаш рет XIX ғасырдың басында француз тарихшысы Ф.Симман пайдаланған болатын. Аз уақытта бұл әдісті басқа да Батыс Еуропа ғалымдары пайдалана бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары тарихшылардың лабораториясында электронды есептеу машиналары пайда болды. 1960 жылдары Америка елдерінің университеттері мен колледждерінде тарихи мәліметтерді жинайтын «Саяси зерттеулердің қонцориумы» құрылды. Осыған байланысты жаңа саяси тарих, жаңа әлеуметтік тарих, жаңа экономикалық тарих деп аталатын тарих ғылымының салалары пайда болды. Осы «жаңа» ғылыми бағытты клиометрия деп атады. Д.Норт пен Р.Фозель осы әдіске негізделіп жазылған ғылыми еңбектері үшін Нобель сыйлығын алды. Әлбетте, бұларға дейін де, бұлардан кейін де бірде бір тарихшы мұндай құрметке ие

болған жоқ. Сөйтіп, экономикалық процестерде кездесетін сандық материалдар машина көмегімен бір жүйеге келтірілген, терең талдаудан өтті [8, 11].

Ресей елінде тарихи зерттеулерде математикалық әдістерді пайдаланған Москва университетінің профессоры И.Д.Ковальченко. Ол өзінің 1987 жылы шыққан «Тарихи зерттеулердің әдісі» атты кітабының екінші тарауын түгелдей тарихи зерттеулердегі сандық әдіске арнады. Академик И.Д.Ковальченко өзі басқарған Москва университетінің Тарихнама және деректану кафедрасын осы әдістің орталығына айналдырды. Кеңес Одағының ғылыми академиясында зертханалар құрылды, осы әдісті насихаттайтын алғашқы туындыларын жариялайтын бірнеше конференциялар өтіп, 1992 жылға дейін Москва университетінің жоғарыда көрсетілген комиссияның жүзінші отырысы болыпты. Өкінішке орай, бұл әдіс тарихшылар арасында кең қолдау таппады. Әлбетте, сандық анализ әдісін тарихи процестің барлық тақырыбын зерттеу барысында пайдалану мүмкін емес. Бұл әдісті тек цифрлары көп, экономика тарихын зерттегенде ғана пайдаланамыз. Енді осы әдіс барысында пайдаланылатын терминдерге тоқтала кетейік. «Өлшеу» объектілердің арасындағы қатынасты анықтау әдісі. Мұның мәні олардың арасындағы қатынастар ақпаратының сандық өлшемінің белгілері кез келген объектінің белгілері бар. Ғылымда пайдаланылатын принциптер мен өлшеу тәсілдерінің төрт түрлі шкаласы бар: атау шкаласы, рет шкаласы, интервал шкаласы, қатынастар шкаласы [9, 5].

Өткен ғасырдың 80-90 жылдарында ақпараттандыру процесінде компьютер атты машина пайда болды, алғашқы кезде компьютер жазу машинкасы ретінде пайдаланылды. Кейіннен ғалымдар оның басқа да мүмкіншіліктерін түсіне бастады. Кейінгі жылдары тарихшылар ноутбукты пайдалана бастады. Электронды кітапхана мәселесі күн тәртібіне қойылып, ол да өз шешімін тапты. Бүгінде Ресейдің көптеген қалаларында кітапхана қорында сақталған сирек кездесетін тарихи әдебиеттің электронды нұсқасы жасалды. Сөйтіп, олар тарихшылардың кәдесіне дарыды. ҚР ірі-ірі кітапханалары өз қорында сақталатын сирек кездесетін әдебиеттердің электронды нұсқасын жасап, оқырмандарға ұсынып отыр. Келешекте еліміздегі барлық кітапханалар компьютерленген, бір желіге қосылмақшы. Бүгінде шетел ғалымдарының еңбегін үйде отырып-ақ компьютер арқылы оқи беруге болады. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институттың Қазақстан тарихы кафедрасының өзінде 400-ге жақын электронды кітап бар кітапхана студенттердің пайдасына асуда. Осы күні тарихи информатика түсінігі пайда болды. Москва университетінің профессоры Л.И.Бородкин «Тарихи информатика – тарих ғылымның ақпараттандыру процесінің заңдылығын зерттейтін пән» деп анықтама береді. Компьютер арқылы тек қана ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тақырыпты зерттеуде бағдарлама жасап, тарихшының кейбір жасайтын операцияларын компьютерге жасатуға да болады. Объектінің белгілерін, олардың сандық өлшемін компьютерге енгізіп, арнаулы бағдарлама арқылы оның талдау нәтижесін алуға болады.

1986 жылы «Тарихшы және компьютер» деп аталатын халықаралық ассоциация құрылды. Оған жиырма мемлекеттен осы тақырыппен айналысатын орталықтар мен мекемелер кірді. 1992 жылы ТМД тарихшылары өз ассоциациясын құрды. 1990 жылы Москва қаласында жоғарыда айтылған халықаралық ассоциациясының ішкі конференциясы өтті. Оған 20-дан аса мемлекеттің 150-ге жақын тарихшылары қатысты. Бұл конференция тарихи зерттеулерде компьютерлік технологияның жетістігін қорытындылады. Конференцияда баяндалған кейбір жетістіктерге тоқталар болсақ, ол Германиядағы Геттинг мұрағатындағы 50 мыңнан астам құжаттардың оптикалық дискіге түсірілгендігі, оны зерттеудің үлкейтіп, экран арқылы оқу мүмкіндігіне жеткендігі айтылды. 2001 жылдан бастап «Новая и новейшая история» журналы «Историк. Источник. Интернет» тақырыбында пікірталас ұйымдастырды. Қорыта айтқанда, компьютер, интернет, зерттеу жұмыстарының жаңа технологиясы сияқты ұғымдар тарихшылар санасына ене бастады. Көптеген тарихшылар өз зерттеулерінде осы жаңа әдістерді пайдаланып, зор табыстарға жетуде. Мұның көлеңкелі жақтары да мол [9, 21].

Қазақстанда пайдалануға тарих ғылымында жаратылыстану ғылымдарының әдісін пайдалануға ұмтылыс артып келеді. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары тарих ғылымының дағдарысқа ұшырауына байланысты кейбір ғалымдар жаратылыстану ғылымдарының әдістерін өз зерттеулерінде пайдалану мүмкіндігін іздестіре бастады. Еуропа авторларының тарих теориясына арналған еңбектерін оқуға қол жеткізген. Қазақстан тарихшылары олардың әдістерін Қазақстан тарихын зерттеу барысында пайдалану қажеттігін түсіндірді. Сол кездегі Қазақстан тарихшыларының көшбасшысы академик М.Қ.Қозыбаев өзі басқарып отырған тарих және этнология институтында арнайы білім ашты. Бұл бөлімге сол кездері тарихи зерттеулерде информатиканың мүмкіндіктерін пайдалану жөнінде пікір айтқан техника ғылымдардың кандидаты С.А.Жәмешова жұмысқа шақырылды. Ол сол кезде «История и компьютер» ассоциациясының мүшесі еді [10, 15]. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ байларын тәркілеу процесін зерттей отыра, С.А.Жәмешова математика-статистикалық әдісті пайдаланып зор табысқа қол жеткізді. Бұл Қазақстан тарихнамасындағы жаңалық еді. Сол институттың екіншісі бір қызметкері Бақыт Сужықов екеуі эмпирикалық материалды компьютерде сақтау жүйесі жөнінде әдіснамалық бағдарламаның негізін жасады. 2001 жылы сол институттың қызметкері Қ.Ш.Әлімғазин көп өлшемді статистикалық талдауды пайдалана отырып, «Воспоминание участников гражданской войны в Казахстане как исторической источник» деп аталатын кандидаттық диссертациясын қорғады. 2007 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы Б.А. Досова «Синергетика как подход в историческом познании: историографический аспект» деп аталатын тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады [11, 13].

Соңғы жылдары Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында жаратылыстану ғылымдарының әдістерін тарихи зерттеулер барысында пайдалану қажеттігін дәлелдеп жүрген ғалымдар саны баршылық. Осы институттың ғылыми жұмыс және шетелдермен байланыс проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Е.Әбіл осы тақырыпта кандидаттық және докторлық диссертация қорғап, жүзден аса мақала жазды. 2008 жылы шыққан «Историческая наука и синергетика» атты монографиясы Қазақстан тарихнамасын белгілі бір дәрежеге көтерді. Ол синергетика жүйесін пайдалана отырып, өткен ғасырдың 90-шы жылдары қазақ халқының этникалық тарихын зерттеуде соны пікірлер айтқан еді. Соңғы жылдары жарияланған мақалаларында, конференцияларда жасаған баяндамаларында жаратылыстану ғылымдарының әдістерін пайдалану көптеген тарихи процестің шешілмеген проблемаларын зерттеуге көмектесетіндігін дәлелдеді.

Әлбетте, тарихи зерттеулерге қолданылатын ғылыми әдістердің бірқатарын жүзеге асыруды жоққа шығаруға да болмайды. Себебі сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдары да, одан бергі уақыттарда да Қазақстан тарихшыларының ішінде алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдерді өз зерттеулерінде пайдаланған ғалымдар болған және заманауи әдіс-тәсілдер де қолданылып, өңделіп келеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Ковальченко И.Д. Количественные методы в исторических исследованиях. М., 1984.
2. Ковальченко И.Д. Методы исторических исследования. М., 1978.
3. Парфенов И.Д. Методология исторической науки. Саратов, 2001.
4. Методологические проблемы истории. Уч.пособ. Под. Ред. В.Н. Сидорова. Минск, 2006.
5. Методологии истории; Учеб.Пособ. для студ. Вузов/А.И. Нечухрин, В.Н.Сидорцев, О.М.Шутова и др. Мн;НТОО "Тетра-Системс", 1996.
6. Ковальченко И.Д. Количественные методы в исторических исследованиях. Москва, 1984.
7. Парфенов И.Д. Методология исторической науки. Саратов, 2001.
8. Жуков Е.М. Очерки методологии истории, М., 1985.

9. Дьянков Методология истории в прошлом и настоящем. М., 1974.
10. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования М., 1987.
11. Бородин Л.И. «Порядок из хаоса»: Концепции синергетики в методологии исторических исследований. //М, 2003.

## **К ПРОБЛЕМЕ НАУЧНОГО ОСМЫСЛЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД**

*Ералина Акмарал Ериковна*

старший преподаватель

Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

г.Костанай, Республика Казахстан

Исторический опыт и современность взаимосвязаны. Опыт прошлого является, и всегда будет являться необходимой предпосылкой понимания современности. Поэтому историческая наука – это хранилище и собирательница опыта прошлого, его толковательница. Она выводит уроки из опыта прошлого, которые понимались в разное время по-разному. Таким образом, исторический опыт и уроки истории – это понятия совершенно не тождественные.

Исторический опыт – это объективная категория. Это прошлое в его наиболее существенных проявлениях.

Уроки истории – это субъективная категория. Это интерпретация опыта прошлого в интересах и с позиций кого-либо или чего-либо.

Для человека вообще характерно извлечение из прошлого уроков, необходимых для настоящего. Долгое время существовало представление (иногда бытующее и ныне), что прошлое может повторяться в том же самом или похожем виде. Поэтому, брать уроки у истории это, значит, приходиться к тем результатам, которые были, или наоборот стремиться, не повторять прежних ошибок.

Так полагал, например, римский историк Тит Ливий (59 г. до н.э. – 17 г. н.э.), писавший: «В том и состоит главная польза и лучший плод знакомства с событиями минувшего, что видишь всякого рода поучительные примеры в обрамлении величественного целого: здесь и для себя, и для государства ты найдешь чему подражать, здесь же - чего избегать».

Таких же взглядов придерживался и Н. Макиавелли (1469-1527), обращавшийся к истории потому, что надеялся найти в прошлом опыт, который помог бы ему решить задачи настоящего («Государь», «Рассуждения о первой декаде Тита Ливия»).

Однако на самом деле буквального повторения не бывает, и быть не может, ибо хотя прошлое и связано с настоящим, оно все же отличается от современности. Поэтому проблема использования уроков истории не может быть сведена к простому заимствованию.

Опыт прошлого может выступать как критерий истинности; может выполнять воспитательную функцию. Он может выступать как эвристическая ценность, для получения нового знания, ибо изучение прошлого с целью получения нового знания также необходимо для понимания настоящего.

Следовательно, нельзя слепо, автоматически переносить прошлое в настоящее. Современность – всегда более сложное явление, несущее новые черты, и истины прошлого должны уточняться знанием современности.

Однако для успешного использования опыта прошлого необходимо наличие двух условий: во-первых, должна быть зрелой историческая наука; во-вторых, должно быть зрелым общество, способное усвоить и использовать эти уроки.